# Қазақстанның салық жүйесі және ерекшеліктері

**Салық** - дегеніміз мемлекет біржақты тәртіппен заң жүзінде белгілеген, белгілі бір мөлшерде жүргізетін, қайтарымсыз және өтеусіз сипатта болатын бюджетке төленетін міндетті ақшалай төлемдер.

# Салық саясатының басты мақсаты:

Салық жүйесін құру және оның тиімді қызмет етуіне мүмкіндік беретін салық механизмін іске асыру.

# Мемлекеттің салықтың қызметі:

- мемлекеттің саалық жүйесінің қалыптасуы;
- салық салу саламсында мемлекет органдарының міндетін анықтау;
- арнайы салық органдарының жүйесін қалыптастыру;
- салық заңын ұйымдастыру және оның сақталуын бақылауды жүзеге асыру;

# Қазақстан Республикасының салық жүйесі реформалаудың үш кезеңінен өтті.

# Бірінші кезең.

*1991 жылғы 9 шілдедегі Қзақ КСР* Президенті
«ҚазКСР мемлекетік салық қызметін құру тура
~~Жарлығымен~~ ҚазКСР-нің басты мемлекеттік са
инспекциясы құрылды. 16 жалпы мемлекеттік жә
жергілікті салық түрін қарастыратын салық жөнінд
актілер пакеті қабылданды.

# Екінші кезең

зақстан Республикасының Үкіметі 1995 жылдың басында салық асының ұзақ мерзімді тұжырымдамасын қабылдады, онда еліміздің үйесі мен салық заңнамасын бірте-бірте халықаралық стандарт салық инциптеріне сәйкестендіру көзделген еді. Осыған орай 1995 жылы 24 «Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы» қстан Республикасы Президентінің Жарлығы шықты. Бұл өз қаржы зді құруға ықпал етті. Ең бастысы, салық төлеу жүйесі ықшамдалып, салық саны 45-тен 11-ге дейін қысқартылды.

# Үшінші кезең

2001 жылы 12 маусымда Қазақстан Республикасының жаңа Салық кодексі қабылданып, 2002 жылдың 1 қаңтарынан бастап қолданысқа енгізілді.

Қазақстан Республикасының Салық кодексіне сәйкес салықтың 9 түрі бар.2005 жылы акциз салығын қосымша ретінде экспортталатын шикі мұнайға, газ конденсатына рента салығы қосылды.

# Салықтың түрлері:

1.Корпорациялық табыс салығы.
2.Жеке табыс салығы.
3.Қосылған құн салығы.
4.Акциздер.
5.Жер қойнауын пайдаланушылардың салықтары мен арнайы төлемдері.
6.Әлеуметтік салық.
7.Жер салығы.
8.Көлік салығы.
9.Мүлік салығы.

«Салық» ұғымымен «салық жүйесі» ұғымы тығыз байланысты. Мемлекетте алынатын салық түрлерінің, оны құру мен алудың нысандары мен әдістерінің, салық службасы органдарының жиынтығы әдетте мемлекеттің салық жүйесін құрайды.

1991 жылғы желтоқсанның 25-інен бастап біздің елімізде тұңғыш салық жүйесі жұмыс істей бастады. Ол «Қазақстан Республикасындағы салық жүйесі туралы» заңға негізделді.

Алым дегеніміз - белгілі бір қызмет түрін бастар алдында немесе осы қызмет түріне құқық берер кезде төленетін міндетті төлем.
Сонымен қатар алым-анықталған құқықтық мәртебені бергені үшін төлем болып саналады.

## Алымдардың түрлері:

1.Заңды тұлғалардың мемлекеттік тіркегені үшін алым.
2.Жеке кәсіпкерлерді мемлекеттік тіркегені үшін алым.
3.Жылжымайтын мүлікке құқықтарды және олармен жасалған мәмілелерді мемлекеттік тіркегені үшін алым.
3.1. Жылжымалы мүлік кепілін мемлекеттік тіркегені үшін алым(2005 жылдың 1қаңтардан)
4.Радиоэлектрондық құралдарды және жиілігі жоғары құрылғыларды мемлекеттік тіркегені үшін алым.
5.Механикалық көлік құралдары мен тіркемелерді мемлекеттік тіркегені үшін алым.
6.Теңіз,өзен кемелері мен шағын көлемді кемелерді мемлекеттік тіркегені үшін алым.
6.1.Кеменің немесе жасалып жатқан кеменің ипотекасын мемлекеттік тіркеу үшін алым (2005 жылдың 1 қаңтардан)
7.Азаматтық әуе кемелерін мемлекеттік тіркегені үшін алым.
8.Дәрі-дәрмек құралдарын мемлекеттік тіркегені үшін алым.
8.1.Туындылар мен сабақтас құқықтар обьектілеріне құқықтарды,туындылар мен сабақтас құқықтар обьектілерін пайдалануға лизензиялық шарттарды мемлекеттік тіркеу үшін алым (2006 жылы 1 қаңтардан)
9.Автокөлік құралдарының Қазақстан Республикасының аумағы арқылы жүру алымы.
10.Аукционардан алынатын алым.
11.Жекелеген қызмет түрлерімен айналысу құқығы үшін лицензиялық алым.
12.Телевизия және радио хабарларын тарату ұйымдарына радиожиілік спектрін пайдалануға рұқсат бергені алым.

**Төлемақы** - белгілі бір қызмет түрін пайдаланған кезде төленетін міндетті төлем. Төлемақының 9 түрі бар.2005 жылы төлемақыға өзгеріс енгізілді. Радиожиілік спектрін пайдаланғаны үшін төлемақыға қосымша ретінде «қалааралық және халықаралық телефон байланысын бергені үшін

төлемақы» төлейді.

# Төлемақының түрлері:

1.Жер учаскілерін пайдаланғаны үшін төлемақы.
2.Жер бетінде көзердің су ресурстарын пайдаланғаны үшін төлемақы.
3.Қоршаған ортаны ластағаны үшін төлемақы.
4.Жануарлар дүниесін пайдаланғаны үшін төлемақы.
5.Орманды пайдаланғаны үшін төлемақы.
6.Ерекше қорғалатын табиғи аумақтарды пайдаланғаны үшін төлемақы.
7.Радиожиілік спектрін пайдаланғаны үшін төлемақы.
7.1.Қалааралық және халықаралық телефон байланысын бергені үшін төлемақы (2005 жылдың 1қаңтардан)
8.Кеме жүретін су жолдарын пайдаланғаны үшін төлемақы.
9.Сыртқы жарнаманы орналастырғаны үшін төлемақы.

***Мемлекеттік баж дегеніміз*** - уәкілдік берілген мемлекеттік органдардың немесе лауазымды адамдардың заңдық мәні бар іс-қимылдар жасағаны үшін және құжаттарды бергені үшін алынатын міндетті төлем.

Баж салығы-алып келінген,сыртқа шығарылатын, сондай-ақ транзитті тауарлар,бұйымдар мен қызметтерден алынатын салықтар.

Назарларыңыз

рахме